

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2021 жылғы 7 шілдедегі № 12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 шілдеде № 23406 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 29.05.2023 № 21 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына және 2021 жылғы 7 маусымдағы Орал қаласы әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою жөніндегі жоспардан тыс комиссия отырысының № 01-001-03/29 хаттамасына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. "Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы зардап шеккен объектілерді тексеру жүргізсін.

3. "Орал қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы осы шешімнің Қазақстан Республикасы әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын қадағалау өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Орал қаласының әкімі

А. Шыныбеков